- Аритмияны анықтау. WA-99 артериялық қан қысымын өлшегіші дыбыстық сигнал беретін аритмия көрсеткішімен жарақталған, ол өлшеген уақытта жүрек жиырылыстарының қалыпты жиілігінің немесе мезгілділігінің бұзылғаны туралы хабарландырады.
- Қысым көрсеткішінің түсті шәкілі бар үлкен 4 жолақты дисплей Еуропалық гипертонзия қоғамының (ESH) жіктемесіне сәйкес.
- Дисплейдің жарықтамасы және басқару түймешіктері.
- Күнтізбек бар. Аспап ағымдағы күн мен уақытты көрсететін күнтізбекпен жарақталған.
- Қысым деңгейін көрсету Еуропалық гипертонзия қоғамының (ESH) жіктемесіне сәйкес.

KZ

B. Well компаниясының тонометрі қысым деңгейінің көрсеткішімен жарақталған, ол Сіздің өлшеу нәтижесінің Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) жіктемесі бойынша қандай артериялық қан қысымына сәйкес екенін көрсетеді.

- Әрқайсысында 30 өлшеуден екі тәуелсіз жады блогы. Аспап екі тәуелсіз жады блогының арқасында екі пайдаланушының қолдануы үшін ыңғайлы. Әрбір жады блогы өлшеу уақыты мен күні, аритмияның орын алуы, Еуропалық гипертензия қоғамының (ESH) жіктемесі бойынша қысымның деңгейі көрсетілетін 30 өлшеуге шақталған.
- Батареялардың қуаты таусылғанының көрсеткіші. Батареялардың қуаты таусылғанының көрсеткішінің көмегімен Сіз аспаптың батареяларын уақытында ауыстыра аласыз.
- Қуаттан тәуелсіз өлшемдер жадысы. Тіпті аспап токтан ажыратылған жағдайда да, аспаптың жадында жазылған барлық өлшеу мәндері сақталып қалады.
- Автоматты түрде ажыратылады. Батареяларды үнемді жұмсау үшін, егер аспап бір минуттан артық пайдаланылмайтын болса, ол автоматты түрде өшіріледі.

Аспапты пайдаланардың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз; осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Егер Сізде қан қысымына және оны өлшеуге қатысты қосымша сұрақтар болса, емдеуші дәрігермен ақылдасыңыз.

Ескерту!

1.2. Қан қысымын өз бетіңізбен өлшеу жөнінде маңызды нұсқаулар

Мыналарды есте ұстаңыз: өз бетіңізбен өлшеу диагноз қою немесе ем тағайындау үшін емес, тексеру үшін іске асырылады. Артериялық қысымның мәндері Сіздің әдеттегі көрсеткіштеріңізден басқаша болған жағдайда, кідіріссіз дәрігермен кеңесу керек.

Дәрігеріңіздің жазып берген дәрілерін немесе олардың мөлшерін ешқашан да өз бетіңізбен өзгертуге болмайды.

44

Тамыр соғуының мәндері кардиостимулятордың жиілігін бақылау үшін пайдалануға жарамайды! Жүрек ырғағы нашарлаған (аритмия) жағдайда, қан қысымын осы аспаппен үйде өлшеу мүмкіндігін емдеуші дәрігермен ақылдасу қажет.

Электрмагниттік бөгеуілдер:

Аспапта сезімтал электрондық құраластар (микрокомпьютер) бар. Аспапқа күшті электрлік немесе электрмагниттік өрістердің ықпал етуіне (мысалы, тасымалы телефондардың, микротолқынды пештің жақын орналасуы) жол бермеңіз, себебі бұл өрістер өлшеу дәлдігінің уақытша нашарлауына себеп болуы мүмкін.

2. Артериялық қан қысымы және оны өлшеу туралы маңызды ақпарат

2.1. Қан қысымының жоғарылауы немесе төмендеуі неліктен орын алады?

Артериялық қан қысымының деңгейі мидың ерекше бөлігінде айқындалады және орын алып отырған жағдайға қарай жүйке жолдары арқылы берілетін сигналдарының көмегімен реттеледі. Қалыпты артериялық қан қысымын сақтау үшін жүрек соғуының күші мен жиілігі (тамыр соғуы) және қан тамырларының диаметрі өзгереді (қан тамырларының бұлшық еттерінің жиырылуы арқылы). Қан қысымының деңгейі жүрек қызметінің барысында мезгіл-мезгіл өзгеріп отырады: «қан айдаған» (систола) кезде қысымның мәні барынша үлкен (қан қысымының систолалық мәні), ал саябыр фазасының (диастола) соңында – ең төмен (қан қысымының диастолалық мәні). Артериялық қан қысымының мәндері белгілі бір қалыпты ауқымда болуға тиіс, бұл кейбір аурулардың алдын алу үшін қажет.

2.2. Артериялық қан қысымы мәндерінің кестесі

Егер саябырлаған күйде диастолалық қысым сынап бағанының 100 мм-інен астамын және (немесе) систолалық қысым сынап бағанының 160 мм-ден астамын құраса, артериялық

қан қысымы көтерілген деп саналады. Қан қысымының мұндай деңгейде ұзақ уақыт сақталуы сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті болып табылады, себебі ол қан тамырларының зақымдануына себеп болады.

Егер систолалық қысым сынап бағанының 140 пен 160 мм аралығында болған немесе диастолалық қысым сынап бағанының 90 мен 100 мм аралығында болған жағдайда да, дәрігерге көрінуді ұсынамыз. Содан кейін артериялық қан қысымын өз бетіңізбен үнемі бақылап отыруыңыз қажет болады.

Дәрігерге сондай-ақ тонометр тым төмен қан қысымын көрсеткенде де, яғни систолалық қысым сынап бағанының 100 мм-інен төмен болғанда және (немесе) диастолалық қысым сынап бағанының 60 мм-інен төмен болғанда көріну керек.

Тіпті егер қан қысымының мәндері қалыпты шектерде болса да, қысымның ықтимал ауытқуларын дер кезінде байқап, қажетті әрекеттерді жасау үшін өз тонометріңіздің көмегімен өзіңіздің қан қысымыңызды үнемі бақылап отыруды ұсынамыз.

Егер сіз артериялық қан қысымын реттеу бойынша емделу курсың өтіп жүрген болсаңыз, қан қысымын белгілі бір сағаттарда үнемі өлшеп отырыңыз да, нәтижелерін жазып отырыңыз. Алынған деректерді емдеуші дәрігерге көрсетіңіз. Алынған нәтижелердің негізінде өзіңіздің дәрігеріңіз жазып берген дәрілерді немесе олардың дозалау мөлшерін өз бетіңізбен ешқашан да өзгертпеңіз.

Артериялық қан қысымы мәндерінің кестесі (мм сн.бғ.):

Еуропалық гипертензия одағының (ESH) жіктемесіне сәйкес ересек адамдарға арналған қан қысымы мәндерінің кестесімен танысыңыз.

Қан қысымы мәндерінің ауқымы	Систолалық қысым	Диастолалық қысым	Өлшем мәні
3-ші дәреже: ауыр гипертензия	180-нан жоғары немесе оған тең	110-нан жоғары немесе оған тең	Дереу дәрігерге қаралыңыз!
2-ші дәреже: орташа гипертензия	160-179	100-109	Дәрігерге қаралыңыз
1-ші дәреже: жеңіл гипертензия	140-159	90-99	Дәрігермен ақылдасу
Жоғары қалыпты	130-139	85-89	Дәрігермен ақылдасу
Қалыпты	130-дан төмен	85-тен төмен	Өзі дербес бақылау
Оңтайлы	120-дан төмен	80-нен төмен	Өзі дербес бақылау
Ауыр гипертония	Выше 180	Выше 110	Дереу дәрігерге қаралыңыз

KZ

Қосымша ақпарат:

- Егер тыныштық жағдайында өлшенген қысымның мәндері Сіздің әдеттегі көрсеткіштеріңізге жақын болса, ал қатты қалжырап-шаршаған немесе жан-дүниеніз толқынған кездерде, шектен тыс жоғары мәндерді байқасаңыз, бұл құбылмалы (яғни,

тұрақсыз) гипертонияның бар екенін көрсетуі мүмкін. Аталған құбылыс нышандары байқалған кезде, емдеуші дәрігерге көрінуді ұсынамыз.

- Егер қан қысымын дұрыс өлшеген кезде диастолалық қан қысымының алынған мәні 120 мм сн.бғ. мәнінен жоғары болса, кідіріссіз дәрігерге қаралу керек.

Егер үнемі жоғары немесе төмен қан қысымы айқындалған жағдайда не істеу керек?

- Дәрігерге қаралыңыз
- Ұзаққа созылған кезең ішінде немесе ұзақтығы орташа кезең ішінде байқалатын қан қысымының көтеріңкі мәндері (гипертонияның түрлі нысандары) денсаулыққа келтіретін елеулі қатерлермен байланысты болады. Жоғары қан қысымы қан тамырларының қабырғаларына теріс әсер етеді, олар қан тамырларының қабырғаларында шөгінді түзілуінің (артериосклероз) нәтижесінде қатерге ұшырайды. Бұл өмірлік маңызы бар органдардың (жүрек, ми, бұлшық еттер) қанмен жеткіліксіз жабдықталуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, егер артериялық қан қысымы осындай деңгейде ұзақ уақыт бойы қалатын болса, жүректің құрылымының зақымдану жайттары орын алуы мүмкін.
- Жоғары қан қысымының пайда болуына бірқатар жайттар ықпалдасады. Бұл орайда жиі кездесетін бастапқы (эссенциалдық) гипертонияны және қайталама гипертонияны бөліп қарастыруға болады. Қайталама гипертонияға жекелеген органдардың дұрыс жұмыс істемеуі себеп болуы мүмкін. Қан қысымының көтерілу себептерін анықтау үшін емдеуші дәрігерге көрініңіз.

Дәрігерлік бақылау нәтижесінде анықталған жоғары артериялық қан қысымын төмендету үшін ғана емес, сондай-ақ профилактикалық мақсаттарда қабылдауға болатын белгілі бір шаралар бар.

Бұл шаралар өмір салтыңызға қатысты:

A) Тамақтану

- Өзіңіздің жасыңызға сәйкес келетін қалыпты дене салмағын ұстауға тырысыңыз. Артық салмақты азайтыңыз!
- Ас тұзын шамадан тыс қолданбауға тырысыңыз
- Майлы тағамдарды шамадан тыс қолданбауға тырысыңыз

B) Бастан кешкен аурулар

Төмендегі ауруларды емдеу бойынша дәрігердің жазып берген барлық ұйғарымдарын орындаңыз:

- қантты диабет (Diabetes mellitus)
- майлардың алмасуының бұзылуы
- подагра

C) Темекі тарту, алкоголь мен кофеинді шектеңіз

- Темекі тартудан мүлде бас тартыңыз
- Алкогольді ішімдіктерді тек шамалы мөлшерде ғана қолданыңыз
- Кофеинді (кофе) қолдану мөлшерін шектеңіз

D) Организмнің физикалық ахуалы

- Алдын ала дәрігерге қаралыңыз да, жүйелі түрде спортпен айналысыңыз.
- Спорттың күш жұмсайтын түрлерін емес, төзімділікті шыңдайтын түрлерін таңдаңыз.
- Өбден қалжырағанша өзіңізді өзіңіз күштемеңіз.
- Егер қандай да бір созылмалы ауруларыңыз болса, және (немесе) сіздің жасыңыз 40-тан асқан болса, спортпен айналысар алдында, спорт түрі мен жаттығу қарқындылығына қатысты міндетті түрде дәрігермен кеңесіңіз.

2.3. Орташа қысым мен тамыр соғысын есептеу функциясы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және гипертензияны зерделеу жөніндегі ғылыми қоғамдар кеңес береді: артериялық қан қысымының деңгейін бағалайтын әр кезде кем дегенде екі өлшемнің нәтижелерін есепке алып, одан кейін орташа қысымды есептеп шығару керек.

Бұл әсіресе, тамыр соғысының аритмиясы бар пациенттер үшін маңызды.

WA-99 тонометрі дәрігерлердің осы кеңесін оңай жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені онда соңғы 10 минуттың ішінде жасалған 3 өлшемнің нәтижелерінің негізінде орташа қысым мен тамыр соғысын автоматты есептеу функциясы бар.

Артериялық қан қысымының объективті шамасын алу үшін, 3 минут интервалдармен 3 кезектес өлшемнен тұратын топтаманы орындау қажет. Содан кейін орташа қысым мен тамыр соғысын есептеу функциясын пайдаланаңыз (5.6-тармақ). Қысым мен тамыр соғысының алынған орташа мәнін артериялық қан қысымы өлшемдерінің күнделігіне жазған дұрыс.



A) Аспапты пайдаланудың негізгі артықшылықтары

- Орташа қысымды есептеу функциясы төмендегідей сыртқы факторлардың ықпалын төмендетеді:
- Өлшеудің алдында жеткіліксіз тынығу.
- Өлшеу уақытындағы елеусіз қимылдар.
- Толқу.


B) Аспапты пайдаланудың медициналық артықшылықтары

- Жоғары дәлдік.
- Сіздің дәрігеріңізге ұсынуға болатын қысымды өлшеу нәтижелері туралы деректі ақпарат.
- Жоғары артериялық қан қысымын қауіпсіз анықтау.
- Емдеуді сенімді бақылау.

2.4. Өлшеу барысында жүрек ырғағының бұзылуын анықтау


 белгішесі өлшеу кезінде тамыр соғуының бұзылуы анықталғанын көрсетеді. Мұндай жағдайда нәтиже Сіздің қалыпты артериялық қан қысымыңыздан басқаша болуы мүмкін – 3 минут интервалдармен 3 кезектес өлшемнен тұратын топтаманы орындау керек. Содан кейін орташа қысым мен тамыр соғысын есептеу функциясын пайдаланаңыз (5.6-тармақ).  белгішесі пайда болған кезде дыбыстық сигнал беріледі. Өдетте, таңбаның бір мәрте пайда болуы мазасыздану үшін себеп болып табылмайды. Дегенмен, егер таңбаның пайда болуы жиілессе, біз дәрігерге қаралуға кеңес береміз. Дәрігерге төменде келтірілген жайттардың түсіндірмесін көрсетіңіз:

Дисплейде аритмия көрсеткіші жиі пайда болатын жағдайда дәрігерге арналған ақпарат


Аспап осциллометриялық тонометр болып табылады, ол сондай-ақ тамыр соғуының жиілігін де анықтайды. Аспап клиникалық сынақтардан өткізілген. Егер өлшеу кезінде тамыр соғуының бұзылуы орын алса, өлшеу аяқталғаннан кейін  аритмия белгішесі көрсетіледі. Егер осындай таңба жиі пайда болып отырса (мысалы, күн сайын өлшеген жағдайда аптасына бірнеше рет), онда науқастың медициналық кеңес сұрап хабарласуын ұсынамыз. Аспап кардиологиялық тексерудің орнына жүре алмайды, алайда тамыр соғуының бұзылуын ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді.

KZ


**Қалыпты қан қысымының
көрсеткіштері**



**Шекаралық қан қысымының
көрсеткіштері**



**Жоғары қан қысымының
көрсеткіштері**




KZ



3. Аспаптың құралас бөліктері

Суретте WA-99 артериялық қан қысымы мен тамыр соғу жиілігін автоматты өлшегіші көрсетілген:


а) Қаптамасы және құралас бөліктері



Kz

Құрамдас бөліктер		Функциялары
1	Сұйық кристалды дисплей	Артериялық қан қысымын, тамыр соғу жиілігін, өлшеу уақытын көрсетеді.
2	(«Старт») (бастау) түймешігі 	Өлшеуді бастау, оны үзу және аспапты өшіру үшін.
3	(«Память») (жады) түймешігі 	Жадыда сақталған өлшеу нәтижелерін қарап шығу үшін.
4	(«Время») (уақыт) түймешігі 	Уақыт пен күн-айды қарап шығу мен орнату, пайдаланушының таңдауы үшін.
5	Мажетке арналған ағытпа	Манжетті аспапқа жалғауға арналған ағытпа.
6	Батарея ұясы	AAA (1,5 В) тұрпатты 2 батареяны орнатуға арналған.


б) Дисплейдің сұлбасы



4. Аспапты өлшеуге дайындау



4.1. Батареяларды орнату

Аспапты қапталымынан алып шығыңыз да, батареяларды орнатыңыз (суретті қараңыз).



- Қақпағын ашыңыз (суретті қараңыз)
- Батареялардың (AAA тұрпатты 2 элемент, 1,5 В) полярлығын дәл келтіріп салыңыз.

Ескерту!

Дисплейде  белгішесінің пайда болуы батареялардың қуаты таусылғанын және оларды ауыстыру керек екенін білдіреді. Дисплейде  белгішесі пайда болған кезде батареялар ауыстырылмайынша, аспап бұғаттаулы күйде болады.

«AAA» тұрпатты Long-Life немесе Alkaline батареяларын (1,5 В) пайдалануға кеңес береміз. Егер тонометр ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оның ішінен батареяларды алып қою қажет.


Жұмыс істеп тұрғанын тексеру: дисплей элементтерін тексеру үшін **(M)** түймешігін басып ұстап тұру керек. Дисплей элементтерінің брлығының пайда болуы аспаптың дұрыс жұмыс істейтінін білдіреді.

4.2. Белгіленген күнді қарап шығу

Белгіленген күнді қарап шығу үшін (уақыт) **(L)** түймешігін басыңыз. Дисплейдің жоғарғы жағында күн-ай бейнеленеді.


4.3. Уақыт пен күнді орнату

Аспап күн-айды білдіретін кіріктірілген сағатпен жарақталған. Аталған функцияның артықшылығы аспаптың жадында тек алынған көрсетімдердің ғана емес, сонымен қатар өлшеудің нақты уақытының да сақталуы болып табылады. Батареяларды орнатқаннан кейін аспап өндіруші зауытта орнатылған күн-айды көрсетеді.



Ағымдық күн-ай мен уақытты орнату үшін төмендегі әрекеттерді іске асыру керек:

1. ВРЕМЯ (уақыт) түймешігін басып, кем дегенде үш секунд бойы ұстап тұру керек. Дисплейде белгіленген жыл бейнеленеді, соңғы екі белгіше жыпылықтайды.



2. ПАМЯТЬ (жады) түймешігінің көмегімен жылды орнатыңыз.



3. Таңдалған жылды сақтап, айды орнатуға өту үшін ВРЕМЯ (уақыт) түймешігін басыңыз. Дисплейде күн-ай бейнеленеді, соңғы белгіше (ай) жыпылықтайды.



4. ПАМЯТЬ (жады) түймешігінің көмегімен айды орнатыңыз.



KZ

5. ВРЕМЯ (уақыт) түймешігінің көмегімен орнатылған айды сақтаңыз. Күн-ай белгішесі жыпылықтай бастайды.



6. Енді ПАМЯТЬ (жады) түймешігінің көмегімен күнді көрсетіңіз.



7. ВРЕМЯ (уақыт) түймешігін тағы бір рет басу керек. Дисплейде ағымдық уақыт бейнеленеді, бірінші белгіше (сағат) жыпылықтайды.




8. Енді ПАМЯТЬ (жады) түймешігінің көмегімен сағатты көрсетіңіз.



9. ВРЕМЯ (уақыт) түймешігін тағы бір рет басу керек. Соңғы екі белгіше (минуттар) жыпылықтайды.



10. Енді ПАМЯТЬ (жады) түймешігінің көмегімен дәл уақытты көрсетіңіз.




11. Күн-ай мен уақытты орнатқаннан кейін ВРЕМЯ (уақыт) түймешігін тағы бір рет басыңыз. Ағымдық күн-ай мен уақыт қысқа уақытқа ғана жарықтанады. Бұл орайда орнатылған деректер расталады да, сағат уақыт санағын әдеттегі режимде бастайды.



⚠ Ескерім:

Пернені (ВРЕМЯ (уақыт немесе жады) әр кез басқан сайын бір мән енгізіледі (мысалы, сағатты орнату режимінен минутты орнату режиміне өту немесе мәнді +1 етіп өзгерту). Тиісті пернені басып ұстап тұрғанда керекті режимге немесе қажетті мәнге жылам ауысу қамтамасыз етіледі.



4.4. Пайдаланушыны таңдау

WA-99 тонометрі екі пайдаланушыға шақталып әзірленген және екі пайдаланушының әрқайсысы үшін өлшеу күні мен уақыты көрсетілетін артериялық қан қысымын өлшеудің 30 нәтижесіне дейін сақтай алады. Пайдаланушыны орнату үшін, аспап өшірулі тұрған уақытта ⌚ («Время») («Уақыт») түймешігіне басыңыз. Дисплейдің үстіңгі бұрышындағы пайдаланушының белгішесі ауысады және жыпылықтай бастайды, бұл орайда ⏪ («Старт») («Бастау») түймешігінің көрсеткіші жанады және сөнеді. Жаңа пайдаланушының белгішесі жыпылықтауын қойғаннан кейін, бұл жаңа пайдаланушы тіркелгенін және өлшеуді жүргізуді бастай алатынын білдіреді.

KZ

5. Қан қысымын өлшеу

5.1. Өлшеуге дайындау

- Тамақ ішпеңіз, темекі тартпаңыз және шаршататын қандай да бір ауыр іс-қимылдар жасамаңыз. Бұл жайттардың барлығы өлшеу нәтижелеріне әсер етеді.
- Өлшеуді бастар алдында жайбарақаттанып, демалуға, мысалы, 10 минуттай креспода тыныш отыра тұруға тырысыңыз.
- Өлшеуді қолыңыздың тек бір ғана білезігінде жасаңыз (әдетте сол қолда).

- Қан қысымын тәуліктің бір ғана мезгілінде өлшеуге тырысыңыз, себебі артериялық қан қысымы күні бойы бірнеше рет өзгеріп отырады.


5.2. Жиі көздесетін қателіктер:

Ескерту!

- Өлшеу нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік болуы үшін өлшемдерді бірдей жағдайларда өткізу керек екенін есте ұстау керек! Әдетте қан қысымы тыныштық жағдайында өлшенеді.
- Науқастың кез келген әрекеті, мысалы, қолын тіреуі артериялық қан қысымын жоғарылатуы мүмкін. Дене босаңсыған жайлы күйде болуға тиіс, өлшеу уақытында қолыңызды ширықтырмаңыз. Қажет болған жағдайда қолыңызды жастыққа қойыңыз.
- Егер өшеу барысында қолдың білезігі жүрек деңгейінен айтарлықтай төмен (немесе жоғары) орналасса, қысымның көрсетімдері нақты мәндерден тиісінше жоғары не төмен болады. (Білезіктің орналасуы бойынша жүрек деңгейіне қатысты биіктігінің әр 15 см айырмашылығы өлшемдерінің сынап бағанының 10 мм қате болуына әкеледі!)
- Тығыз тағылмаған манжет өлшеудің дәлдігіне әсер етуі мүмкін.
- Қысымды бір қолда екінші қайтара өлшеген кезде қан көбірек келіп, бұл өлшеу нәтижелерінің дәл болмауына әкелуі мүмкін. Нәтижелер дәл болуы үшін екінші қайтара өлшеуді тек 5 минуттық үзілістен кейін ғана іске асыру керек.

5.3. Манжетті тағу

- а) Қолыңыздың білезігіндегі әшекейлер мен басқа заттарды (мысалы, сағатты) шешіңіз. Манжетті қолыңызды айналдыра ораңыз.
- б) Манжеттен қолдың басына дейінгі аралық шамамен 10 мм болуға тиіс.



62

- в) Манжет қолға ыңғайлы жанасып тұратындай (бірақ аса тығыз болмайтындай) етіп жабысқақ қапсырманы бекітіңіз. Бұл орайда манжет пен қолдың білезігінің арасында бос кеңістік қалмауға тиіс.





- г) Алақаныңызды жоғары қаратып қолыңызды үстелге қойыңыз. Манжет шамамен жүректің деңгейінде орналасатындай етіп, қолыңыздың астына қандай да бір шағын төсем (мысалы, жастық) салыңыз. Манжеттің ештеңеге қысылмағанына көз жеткізіңіз. Өлшеуді бастардың алдында шамамен 2 минуттай жайбарақат отыра тұрыңыз.



5.4. Өлшеу үдерісі

Ескерім

Өлшеуді қысқа уақыт аралығында бірінен соң бірін қайталауға болмайды, себебі өлшеу нәтижелері бұрмаланады. Өлшеуді қайталамас бұрын бірнеше минут отыра тұрыңыз немесе жата тұрыңыз. Манжетті дұрыс салып, жалғағаннан кейін өлшеуге кірісуіңізге болады:

- а)  түймешігін басыңыз. Аспап автоматты түрде іске қосылады. Манжетке автоматты түрде ауа айдала бастайды да, дисплейде манжеттегі қысымның шамасы бейнеленеді.
- б) Аспап тамыр соғуын анықтаған бетте, дисплейде жүрек белгішесі жыпылықтай бастайды да, тамыр әр соққан сайын қысқа дыбыстық белгі естіледі.
- в) Өлшеу аяқталған соң ауа үрлеу автоматты түрде тоқтатылады және ұзақ дыбыстық сигнал естіледі. Ауа манжеттен жылдам шығады және экранда систолалық және диастолалық қысымның, сондай-ақ тамыр соғу жиілігінің мәндері көрсетіледі.




- г)  белгішесі өлшеу уақытында тамыр соғудың бұзылушылықтары болғанын көрсетеді. Дисплейде аталған белгі пайда болған жағдайда, нәтиже Сіздің іс жүзіндегі артериялық қан қысымыңыздан өзгеше болуы мүмкін – өлшеуді қайталаңыз. Көптеген жағдайларда бұл мазасыздануға себеп болып табылмайды.
- Сіздің өлшеулер жүргізген уақытта жайбарақат, тыныш болғаныңыз және сөйлемегеніңіз маңызды. Егер ондай белгі жүйелі (мысалы, күнделікті өлшемдер кезінде аптасына бірнеше мәрте) пайда болып отырса, ол жайында дәрігерге хабарлаған жөн.
- д) Аспап  («Старт») түймешігіне басу арқылы немесе бірнеше минуттың ішінде автоматты түрде өшіріледі.




KZ


5.5. Өлшеуді мерзімінен бұрын тоқтату

Өлшеуді үзу қажет болған жағдайда (мысалы, ауырысону салдарынан),  («Старт») түймешігін басыңыз. Аспап сөнеді де, манжеттен ауаны шығарады.

5.6. Орташа қысымды есептеу функциясы мен жады функциясын пайдалану

 **Назар аударыңыз!** Орташа қысым мен тамыр соғуды автоматты түрде есептеу функциясы тек нақты күн мен уақыт орнатылған жағдайда жұмыс істейді!

Орташа қысым мен тамыр соғуды есептеу функциясын пайдалану үшін, жоғарыда көрсетілгендей нақты күн мен уақытты орнатыңыз және 3 минут интервалдармен кезекпен 3 өлшеуден тұратын топтаманы өз бетіңізбен жүргізіңіз. Бұл орайда 3 өлшемнің барлығы аспаптың жадысында сақталады.

Орташа қысым мен тамыр соғысын көру үшін, аспап өшірулі тұрған уақытта  («Жады») түймешігін басыңыз. Дисплейдің экранында 3A (орташа мән) символы жанады, содан кейін 64

аспап соңғы 3 өлшемнің систоалық, диастоалық қысымдар мен тамыр соғысының орташа мәндерін көрсетеді. Қысымның алынған орташа мәні аспаптың жадысында сақталмайды, бірақ жаңадан өлшеу жүргізген кезде жаңғыртылады. Қысым мен тамыр соғысының орташа мәнін артериялық қан қысымы өлшемдерінің күнделігіне тұрақты жазып отыруға кеңес беріледі.

Алдындағы өлшемдерді көру үшін (M) («Жады») түймешігін басуды жалғастырыңыз. Дисплейде алдында жасалған өлшемдердің нәтижелері біріннен соң бірі пайда бола бастайды.




Егер аспаптың экранында орташа қысым мен тамыр соғудың мәндерін көрген кезде төмендегідей көрініс жанса – бұл аспаптың жадысы өзiрге бос екенін немесе кезекпен өлшеу

жүргізген кезде күні мен уақыты орнатылмағанын білдіреді.

Егер аспаптың жадысында тек бір өлшем болса, онда ол орташа қысымның орнына жанады. Егер жадыда тек екі өлшем сақталған болса, онда, тиісінше, 2 өлшемнің орташа мәні есептел шығарылатын болады.

Екі пайдаланушының әрқайсысы үшін соңғы 3 өлшемнің орташа қысымы мен тамыр соғысын бөлек есептеу автоматты түрде жүргізіледі. Сондықтан, орташа қысымның мәнін көрудің алдында, пайдаланушының дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. Екінші пайдаланушы үшін өлшеу нәтижелерін көру үшін, алдымен аспапты екінші пайдаланушыға ауыстырып қосыңыз (4.4-тармақты қараңыз), содан кейін **(M)** («Жады») түймешігін басудан бастап, барлық қимылдарды қайталаңыз.



KZ

5.7. Аспаптың жадысынан өлшеу нәтижелерін кетіру

Жадының толуы

Жажыда 30 өлшеудің нәтижелері сақталғаннан кейін жады толып кетеді. Сол сәттен бастап, одан кейінгі жаңадан өлшенген мән **ең ескі мәнің орнына жазылатын болады.**

Барлық мәндерді кетіру

Егер сізге жадының барлық ұяшықтарын тазарту керек болса, онда аспап өшірулі тұрған уақытта **(M)** («Жады») түймешігін басыңыз да, дисплейде «CL» жазуы пайда болатын уақытқа дейін оны басулы күйінде ұстап тұрыңыз, түймешікті босатыңыз, содан кейін оны тағы бір мәрте қысқа ғана басыңыз. Өлшемдер туралы бүкіл ақпарат өшіріледі. Ақпарат әрбір пайдаланушы бойынша жеке кетіріледі. Екінші пайдаланушы жөніндегі ақпаратты кетіру үшін, алдымен аспапты екінші пайдаланушыға ауыстырып қосыңыз (4.4-тармақты қараңыз), содан

кейін **M** («Жады») түймешігін басудан және дисплейде «CL» жазуы пайда болғаннан бастап, барлық әрекеттерді қайталаңыз. Жекелеген нәтижелер кетіріле алмайды.

6. Қате туралы хабарлар/аспаптың ақаулықтары

Егер өлшеу кезінде қате орын алса, өлшеу ресімі тоқтатылады да, дисплейде қате туралы хабар (мысалы, Error № 2) пайда болады.

Err
2

Қате коды	Ықтимал себеп(тері)
Err 1	Сигнал тым әлсіз. Манжеттің дұрыс кигізілгенін тексеріңіз. Өлшеуді қайталаңыз.
Err 2	Қысымның қалыптан тыс секіруі өлшеу нәтижесіне әсер етеді. Ықтимал себебі: өлшеген кезде қол қимылдап кетеді (Артефакт). Қолыңызды қимылсыз ұстап отырып, өлшеуді қайталаңыз.
Err 3	Манжетке ауа толтыру тым көп уақыт алады. Ықтимал себебі: манжет дұрыс кигізілмеген.
Err 5	Алынған мәндер бойынша систолалық және диастолалық қысымның арасында айтарлықтай алшақтық бар. Нұсқауларды мұқият орындай отырып, өлшеуді тағы бір рет іске асырыңыз. Егер бұл қате жиі орын алатын болса, дәрігерге хабарласыңыз
LO	Тамыр соғуы тым төмен (минутына 40 лүпілден кем). Өлшеуді қайталаңыз.
HI	Манжеттегі қысым тым жоғары (сынап бағанының 300 мм-інен астам) немесе тамыр соғуы тым жоғары (минутына 200 қағыстан астам). 5 минут демалыңыз да, өлшеуді қайталаңыз

KZ

Басқа ықтимал ақаулықтары және оларды түзету тәсілдері

Егер аспапты пайдалану кезінде ақаулықтар орын алса, төмендегі тұстарды тексеріп, тиісті шараларды қабылдау қажет.

Ақаулықтың суреттемесі	Түзету әдісі
Аспап іске қосулы, ал батареялар салынған болса да, дисплейде ештеңе бейнеленбейді.	<ol style="list-style-type: none">1. Батареяның дұрыс орнатылғанын (полярылығын) тексеріңіз.2. Батареяларды алып шығыңыз да, қайта салыңыз. Егер дисплей жұмыс істемесе, батареяларды жаңасымен ауыстырыңыз.
Аспап артериялық қан қысымын бірнеше рет өлшеген жоқ немесе тым төмен (тым жоғары) мәндер алынды.	<ol style="list-style-type: none">1. Манжеттің орналасуын тексеріңіз.2. 5-тармақта көзделген ұсыныстамаларды орындай отырып, артериялық қысымды тыныш күйде қайтадан өлшеңіз.
Аспап жұмыс істеп тұрса да, бірінен соң бірі жасалған бірнеше өлшеу кезінде нәтижелердің елеулі алшақтығы байқалады.	Осы ұсыныстамаларды, сондай-ақ «Жиі кездесетін қателер» бөлімінде көзделген нұсқауларды оқып шығыңыз. Өлшеуді қайталаңыз.
Артериялық қысымның өлшенген мәндері дәрігер алған мәндерден басқаша шығады.	Аспаптың тәуліктің түрлі уақытында көрсеткен мәндерін жазып алыңыз да, дәрігермен кеңесіңіз.

KZ

Қосымша ақпарат:

Артериялық қан қысымының деңгейі тіпті денсаулығы жақсы адамдарда да ауытқып отырады. Өлшеу нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік болуы үшін өлшемдерді бірдей жағдайларда (тыныштық жағдайда) өткізу керек екенін есте ұстау керек!

68

Егер осы жайттардың бәрінің орындалғанына қарамастан қысымның ауытқуы 15 мм сн. бғ. мәнінен артықты құраса және (немесе) тамыр соғуы тұрақсыз болса, емдеуші дәрігерге көріну қажет. Аспаптың жұмысында техникалық ақаулықтар пайда болған жағдайда, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет: Аспапты өз бетіңізбен жөндеуге ешқашан да әрекет жасамаңыз! Аспапты өз бетіңізбен ашқан жағдайда кепілдік күшінен айырылады!

7. Аспапты күтіп ұстау, дәлдігін қосымша тексеру

- a). Аспапты шектен тыс температураның, ылғалдың, шаңның және тура түскен күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз.
- b). Манжетті абайлап қолданыңыз. Манжеттің бұратылып немесе жаншылып қалмауын қадағалаңыз. Өткір заттардан сақ болыңыз.
- v). Аспапты тазалау үшін жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз. Бензин мен басқа еріткіштерді қолдануға жол берілмейді. Манжеттің кірін кетіру үшін сабын суға малынған дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Манжетті жууға тыйым салынады!
- г). Аспапты құлатып алмаңыз, оны қатты ұрылудан қорғаңыз.
- д). Аспапты механикалық соққыға ұшыратпаңыз.
- e). Аспапты өз бетіңізбен ешқашан да ашпаңыз! Аспаптың зауытта дәлденуі бұзылуы мүмкін, ондай жағдайда кепілдік міндеттемелер күшінен айырылады.



KZ

Аспаптың дәлдігін мерзімді түрде тексеру

Біз аспаптың дәлдігін әрбір 2 жыл сайын, не болмаса механикалық әсерден (мысалы, құлағаннан) кейін тексеріп отыруға кеңес береміз. Сынақтама жүргізу үшін уәкілетті

сервистік орталыққа жүгініңіз. Тексеру туралы бұдан толық ақпаратты Сіз Ростест жергілікті бөлімшесінен ала аласыз.

Тексеру аралығындағы үзіліс 2 жыл.

8. Стандарттарға сәйкестігі

Аспаптың жоғары сапасы құжат жүзінде расталған.

Ресейде:

- Тіркеу куәлігі № РЗН 2014/1462 от 05.06.2014 г.
- Ресей Госстандартының сәйкестік туралы мағлұмдамасы
- Техникалық реттеу және метрология жөніндегі Федералдық Агенттіктің өлшеу құралдарының тұрпатын бекіту туралы сертификаты

Еуропалық Одақта:

Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған инвазивтік емес аспаптар бойынша еуропалық стандарттың талаптарына сәйкестік:

EN 1060-1

EN 1060-3

EN 1060-4

EN 60601-1

EN 60601-1-2

Электрмагниттік сыйысымдылық бойынша EN10601-1-2 еуропалық стандартының талаптарына сәйкестік.

Еуропалық одақтың IIa сыныпты медициналық бұйымдар бойынша 93/42/EWG ұйғарымының талаптары орындалды.

70

9. Техникалық сипаттамалары

Салмағы:	148 г (батареялар мен манжетті қосқанда)
Өлшемдері:	72 x 66 x 37 мм (манжетсіз)
Сақтау температурасы:	-5-тен +50°С-қа дейін
Ылғалдылық:	салыстырмалы ылғалдылығы 15-тен 85%-ға дейін
Іске пайдалану температурасы:	10-нан 40°С-қа дейін
Бейнебет:	сұйық кристалды
Өлшеу әдісі:	осциллометрлік
Қысым сенсорының тұрпаты:	сыйымды
Өлшеу ауқымы:	
қысым:	сынап бағанының 20 мен 280 мм аралығы
тамыр соғуы:	минутына 40-тан 200-ге дейін лүпіл
Манжеттегі қысымның ауқымы:	сынап бағанының 0 мен 299 мм аралығы
Жады:	екі пайдаланушының әрқайсысы үшін 30 өлшеу нәтижелеріне автоматты жады.
Тәуелсіз пайдаланушылардың саны:	екеу
Ең кіші өлшеу қадамы:	сынап бағанының 1 мм-і
Өлшеу дәлдігі:	
қысым:	сынап бағанының ±3 мм-і
тамыр соғуы:	көрсеткіштердің 5%-ынан кем
Қоректендіру көзі:	AAA (1,5 В) тұрпатты 2 батарея
Жиынтықталымы:	сауыт, AAA тұрпатты екі батарея, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдеме талоны

Өндіруші аспаптың техникалық сипаттамаларын өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

10. Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бұйымға* 10 жыл бойы тегін сервистік қызмет көрсетілуін және аспап сатып алынған күннен бастап 36 ай бойы кепілдік міндеттемелерді қамтамасыз етеді. Манжетке берілетін кепілдік – 1 жыл.

Тегін сервистік қызмет көрсету мерзімінің ішінде өндірістік ақаулық анықталған жағдайда, ақаулы аспап жөнделеді.

Кепілдік міндеттемелер тек кепілдік талоны түгел толтырылған жағдайда және сауда кәсіпорнының мөрі немесе техникалық қызмет көрсету орталығының мөрі болған жағдайда ғана жарамды болады.

Кепілді және тегін сервистік қызмет көрсету аспаптың корпусында механикалық әсердің іздері, ойыстар, жарықшалар, кетіктер және т.б., корпустың ашылған іздері, уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығынан тыс жөндеуге тырысудың белгісі, корпустың ішіне ылғал түскенінің немесе жеміргіш орталардың әсерінің іздері орын алған кезде, сондай-ақ тұтынушы іске пайдалану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған ережелермен көзделген аспапты сақтау, тасымалдау және техникалық іске пайдалану ережелерін бұзған басқа жағдайларда жүргізілмейді.

Кепілдік тозуға бейім құралас бөлшектерге, сондай-ақ батареяларға және аспаптың қапталымына таралмайды.

РФ үкіметінің 19.01.98 жылғы № 55қаулысынан үзінді көшірме.

«Қайтаруға немесе басқа мөлшердегі, түрдегі, габаритті, фасонды, түрлі-түсті немесе жиынтықталымдағы ұқсас тауарға айырбастауға жатпайтын тиісті сапалы азық-түліктік емес

* *тегін сервистік қызмет көрсету – өндірушінің кінәсінен пайда болған бұйымның кемшіліктерін (ақауларын) жою.*

тауарлардың тізбесі» бекітілген. Бұл тізбеге төмендегілер кіреді:
«1... медициналық құрал-сайман, аспаптар және аппаратура...»

Осы келіліктің шеңберінде, сондай-ақ ақылы техникалық қызмет көрсету жөнінде ақпаратты уәкілетті сервис орталығынан немесе Ресей бойынша тегін жедел желінің 8-800-200-33-22 телефоны арқылы алуға болады.

Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына (5-бап, 2-тармақ) сәйкес B.Well аспаптарының қызмет мерзімі кем дегенде 10 жыл деп белгіленген. B.Well өнімдерінің жоғары сапасын ескере отырып, аспаптардың іс жүзіндегі қызмет мерзімі ресми қызмет мерзімінен айтарлықтай артуы мүмкін.

«B.Well» компаниясының саясаты бойынша өнімдерді үнемі жетілдіріп отыру көзделеді. Осыған байланысты, компания алдын ала құлақтандырусыз және өндірістік талаптарға сәйкес өнімге толық немесе ішінара өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Шығарылған күні: аспаптың сериялық нөмірінің алғашқы төрт саны. Бірінші және екінші сан – шығарылған аптасы, үшінші және төртінші сан – шығарылған жылы.

Өз қалаңыздағы сервистік шеберханалардың мекен-жайларын Сіз 8 800 200-33-22 тегін жедел желі телефоны арқылы немесе Альфа-Медика компаниясының www.alpha-medica.ru веб-торабынан біле аласыз.

Прибор для измерения артериального давления, модель WA-99
Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған аспап, B.Well, үлгі WA-99
Автоматический прибор на запястье / Білезікке арналған автоматты аспап

Manufacturer: B.WELL LIMITED, 758 Great Cambridge Road, the Business Centre, Enfield, Middlesex, EN 1 3PN, United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland • www.bwell-swiss.ch
Изготовитель: БИ. ВЕЛЛ ЛИМИТЕД, 758 Грейт Кэмбридж Роуд, Бизнес-центр, Энфилд, Миддлсекс, EN 1 3PN, Соединенное Королевство Великобритании и Северной Ирландии
Өндіруші (Лицензияны ұстаушы): B.Well Limited, Бизнес - орталық, 758 Грейт Камбридж Роуд, Энфилд, Мидлсекс, EN1 3PN, Ұлыбритания.

Manufacturer's address: ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd, No. 497, Ta Laneg Nan Road, Ta Laneg Street, Baoan District, Shenzhen (China)

Адрес завода-изготовителя: ОНБО Электроник (Шэньчжэнь) Ко., Лтд, адрес № 497, Та Ланег Нан Роуд, Та Ланег Стрит, Баоан Дистрикт, Шэньчжэнь, Китай

Өндіруші зауыттың мекен-жайы: ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd., № 497, Та Ланег Нан жолы, Та Ланег көшесі, Бао Ан ауданы, Шэньчжэнь, Қытай

Организация, принимающая на территории Республики Казахстан претензии от потребителя по качеству продукта: Представительство в Республике Казахстан:
ТОО «DIOMED», Алматы, ул. Чайковского д. 22, оф. 211
тел.: +7 (727) 233 57 21, факс: +7 (727) 273 60 06

Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның атауы және мекен-жайы: Қазақстан Республикасындағы өкілдігі: ЖШС «DIOMED», Алматы, Чайковский көшесі, 22-ші үй, 211 офис
тел.: +7 (727) 233 57 21, факс: +7 (727) 273 60 06



Manufacturer:

B.WELL LIMITED, 758 Great Cambridge Road, the Business Centre, Enfield, Middlesex, EN 1 3PN, United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland • www.bwell-swiss.ch

Изготовитель:

БИ. ВЕЛЛ ЛИМИТЕД, 758 Грейт Кэмбридж Роуд, Бизнес-центр, Энфилд, Миддлсекс, EN 1 3PN, Соединенное Королевство Великобритании и Северной Ирландии

Өндіруші (Лицензияны ұстаушы):

B.Well Limited, Бизнес - орталық, 758 Грейт Камбридж Роуд, Энфилд, Мидлсекс, EN1 3PN, Ұлыбритания.

Manufacturer's address:

ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd, No. 497, Ta Laneg Nan Road, Ta Laneg Street, Baoan District, Shenzhen (China)

Адрес завода-изготовителя:

ОНБО Электроник (Шэньчжэнь) Ко., Лтд, адрес № 497, Та Ланэг Нан Роуд, Та Ланэг Стрит, Баоан Дистрикт, Шэньчжэнь, Китай

Өндіруші зауыттың мекен-жайы:

ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd., No 497, Та Ланег Нан жолы, Та Ланег көшесі, Бао Ан ауданы, Шэньчжэнь, Қытай.

Қытайда жасалған

Сделано в Китае

www.bwell-swiss.ch